

ҒТАХР 14.25.07

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ДАМУ ҮДЕРІСІ

Г.Т. Алдамбергенова¹, Р.Ж. Шынтаева²

¹ п.ғ.д., профессор

² 6M012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығының 2-курс магистранты

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

aininaz85@mail.ru

Мақалада жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру және оны дамыту үдерісі туралы мәселе қарастырылады. Педагогикада зерттеушілік құзыреттілік әртүрлі тұғырлар тұрғысынан зерделенген. Авторлар жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың бағыттарын нақтылаған. «Зерттеушілік құзыреттіліктің» «зерттеушілік дағды», «зерттеушілік әрекет» ұғымдарымен байланысы тұжырымдалады. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: *зерттеушілік құзыреттілік, қабілет, қызмет, тәжірибе, құндылық бағдар, қалыптастыру*

Қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында елімізде білім беру саласының жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үдеріс оқу-тәрбие жұмысына өзгерістер енгізумен бірге, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуды, іс-әрекетті жаңаша ұйымдастыруды қажетсінеді. Білім мен ақпарат үстемдік құрған заманауи қоғамда білім беру жүйесі - инновациялық экономиканың маңызды бөлігі болып саналады. Осыған сәйкес, кез келген салада болашақ маманның құзыретті болуын, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімі мен білігін пайдалану ғана емес, оны қажеттілігіне қарай толықтырып отыруын талап етеді. Бұл аталған талаптар қатарын жүзеге асу үшін білім саласына біршама уақыттан бері тың өзгерістер енгізіліп келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым киналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді», – деп атап көрсеткендей, жаңаша талаптарға сәйкес оқушылар өз біліктілігін үнемі дамытып отыруы тиіс [1;5]. Болашақ ұрпағымыз қабілетті, білімдар болуы үшін олардың бойында зерттеушілік қабілеті, өмірде кез келген жағдайдан оңтайлы шешім табуға көмектесетін білімі мен құзыреттілігі болуы тиіс. Өйткені, заманауи қоғамда «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда. Бүгінде бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту үдерісінің оңтайлы шешімдерін қабылдауды қажетсінеді.

«Зерттеушілік құзыреттілік» ұғымы Ресей мен Қазақстан ғылымындағы өзектілігімен ерекшеленеді. Батыс елдерінде бұл ұғым туралы бірде-бір дерек кездеспейді. Жекелей «research» және «competence» туралы мәлімет біршама болғанымен, «research competence» туралы ақпарат жоқтың қасы. Бұл ұғым ғалымдар еңбектерінде «зерттеушілік әрекет» (research activity) немесе «зерттеушілік дағды» (research skills) ретінде қолданылады. Шяуляй университетінің профессорлары Винсентас Ламанаускас және Далиа Аугиене (Vincentas Lamanauskas, Dalia Augienė) өз зерттеулерінде «зерттеушілік құзыреттілікті» «зерттеушілік әрекет» ұғымымен түсіндіреді. Ғалымдардың пікірінше, жалпы білім беретін мектептегі ғылыми-зерттеу қызметі жоғары сынып оқушыларының аналитикалық ойлауын нығайтады және ақпаратты іздеу мен пайдалану қабілетін дамытады [2;1]. Ғылыми-зерттеу қызметі оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Дидактикалық тұрғыдан мұндай іс-әрекет оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Ғылыми-зерттеу қызметі оқушылардың

зияткерлік әлеуетін арттырады, оның шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мұндай қызмет барысында әлеуметтік-коммуникативтік қабілеттер мен біліктер дамиды. Оқушылардың ғылыми білімін тереңдету, олардың сыни ойлауын тәрбиелеу жүзеге асады. Жалпы білім беретін мектеп оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен сапасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ламанаускастың зерттеуі нәтижесінде мұғалімдер де, ата-аналар да оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу үшін жеткілікті қолдау көрсетпейтіні анықталды. Сондықтан болашақта осы бағытта жұмыс жасауды ұсынды. Яғни, оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерінің артуына «мектеп – ата-ана – оқушы» үштігі жұмыс жасауы тиімді болмақ.

Индонезиядағы Джокиякарт мемлекеттік университетінің ғалымдары Б.Е.Янто, Б.Сибали мен С.Суанто «Зерттеудің үш деңгейі арқылы студенттердің ғылыми ойлау дағдыларын жетілдіру» атты мақаласында «зерттеушілік құзыреттілікті» «зерттеушілік дағды» деп көрсетеді [3;690]. Олардың айтуынша, оқушылардың зерттеушілік дағдысын арттыру үшін оқытудың шығармашылық тәсілдері қолданылуы тиіс, бұл, әсіресе ғылымдарды зерттеу және қолдау үшін маңызды. Жоғары сынып оқушыларының ойлау құзыреттілігін дамыту үшін сұрау әдісі маңызды. Бірнеше зерттеулер көрсеткендей, зерттеу стратегиясын жүзеге асыру тиімді болып табылады, себебі, ол оқушыларды оқыту тиімділігін арттыруға, мотивацияға, шығармашылық ойлауға, сондай-ақ түсініктерді меңгеруге әсер етеді. Н.Н.Плотникова «зерттеушілік құзыреттілігі - ғылыми материалды талдау және бағалаумен байланысты қабілет және зерттеу дағдылары» деп анықтама береді [4;15]. Яғни, ғалым «қабілет» пен «дағды» ұғымдарын «құзыреттілік» ішінде қарастырады.

«Зерттеушілік құзыреттілік» ұғымына түрлі тұғырлар (кесте 1) тұрғысынан анықтама беруге болады [5;5]. Олардың кейбіріне тоқталайық:

Кесте 1.

Жүйелілік тұғыр	•Л.А.Голубь, В.С.Лазарев, Т.А.Смолина (Зерттеушілік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады)
Танымдық тұғыр	•М.А.Данилов, Э.Ф.Зеер, М.А.Чошанов (Зерттеушілік құзыреттілік-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін қажетті білім мен біліктердің жиынтығы)
Технологиялық тұғыр	•А.В.Хуторской (Зерттеушілік құзыреттілік белгілі бір ғылым саласындағы адамның танымдық қызметінің нәтижесі, зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін меңгеруі тиіс зерттеу әдістері мен әдістемелерін, ұстанымын, оның құндылық бағдарларын түсіну үшін қажетті зерттеу құзыреттілігіне ие болуы деп қарастырылады)

Іс-әрекеттік тұғыр	Б.Г.Ананьев, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Д.Шадриков ("Зерттеушілік құзыреттілік" ұғымына тиімді зерттеу қызметіне қажетті жеке қасиеттердің жиынтығы кіреді. Зерттеушіні сипаттайтын қасиеттерге жатқызуға болады: зерттеудің қойылған проблемасын шешуге тұрақты бағыттылығы; жұмыста табыстылығы, нонконформизм (лат.<i>non</i> лат.<i>conformis</i> Антикконформизм әлеуметтік тәртіпті қабылдамау); сыншылдық және өзіне деген сынаудың болуы, қол жеткізілген нәтижеге қанағаттанбаушылық және т. б.)
Құзыреттілік тұғыр	Б.Г.Ананьев, В.А.Болотов, А.А.Деркач, И.А.Зимняя, Н.В.Кузьмина, В.В.Лаптев, А.К. Маркова, С.И.Осипова, В.В.Сериков, В.А.Сластенин, А.П.Тряпицына, В.Д.Шадриков (Зерттеушілік құзыреттілік бойында бар біліміне, іскерлігіне, дағдыларға және іс-әрекет тәсілдеріне негізделе отырып, жаңа білім жүйесін өз бетінше меңгеруге және алуға дайындығынан және қабілеттілігінен көрінетін оқушы тұлғасының интегралдық сипаттамасы ретінде қарастырылады. Осы тұғыр шеңберінде В. А. Сластенин зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері зерттеу қызметінің компоненттерімен сәйкес келуі тиіс, ал теориялық және практикалық зерттеу біліктерінің бірлігі оқушылардың зерттеу құзыреттілігінің моделін құрайтынын атап көрсетеді)

Зерттеушілік құзыреттілік" ұғымының мәнін қарастыруда түрлі тұғырлардың жоғарыда келтірілген талдау бізге зерттеушілік құзыреттілігін оқушы тұлғасының интегралдық сипаттамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Аталған кестедегі (кесте 1) Хуторскойдің берген анықтамасы біздің жұмысымыздың мазмұнына жақын. Яғни, зерттеушілік құзыреттілік дегеніміз - бұл оқушының жаңа білімді өз бетінше меңгере алуы, түрлі білім көздерімен жұмыс істей білуі, мәселені шешу жолдарын ұсынуы, жобаларды шешудің ең ұтымды нұсқаларын іздеу нәтижесінде идеяларды, болжамдарды ұсыну қабілеті мен дайындығының болуы және құндылық бағдарды игеруі. Осылайша, оқушы өз бетінше жаңа білім беру жүйесін игере алады және құра алады, оқу қызметіндегі зерттеу құзыреттілігінің мәні мен маңызын нақты түсінеді, зерттеу нәтижелеріне қол жеткізе алады. Аталған кестеден зерттеушілік құзыреттілікке берілген анықтамалардың басым бөлігінде оқушылардың алған білімі және зерттеу қызметіне қатысуына ерекше мән береді. Яғни, жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерінің дамуы олардың білімі мен мектеп қабырғасында зерттеу қызметіне қаншалықты араласуымен тікелей байланысты.

Испаниядағы Гранада университетінің ғалымдары Зайли дел Пилар Гарсия мен Инмакулада Азнар-Диаздың (Zaily del Pilar García- Gutiérrez e Inmaculada Aznar-Díaz) «Зерттеушілік құзыреттілікті дамыту, педагог-зерттеуші ретінде баламалы балалар педагогын даярлау» мақаласында оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерінің деңгейін білуге қоғам, отбасы және білім беру мекемесін қатыстырып, осы үш ұйым шеңберінде зерттеу жүргізгені баяндалады [6;3]. Олардың зерттеуінше, мұғалімдер - балалардың білімін жетілдіруге ықпал ететін, мүмкіндік беретін базалық құрал. Яғни, жоғары сынып оқушыларының бойында зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасуы тікелей мұғалімдермен байланысты деп нақтылайды. Яғни, мұғалімдер өз жұмысында туындайтын кәсіби проблемалар мен мәселелерді шешу үшін сыныпта кішігірім зерттеулер жүргізуге қабілетті болуы тиіс. Мұғалімнің зерттеуші ретіндегі құзыреттілігін өзектендіру соңғы уақытта үлкен маңызға ие. Мұғалім-зерттеуші оқушыларға зерттеу жүргізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар жаңалық ашу үшін қажетті жағдайларды қалыптастырады. Зерттеушілік құзыреттілікті оқушылар бойына сіңіру үшін зерттеушілік құзыреттілігі дамыған мұғалімдер шоғыры басымырақ болуы тиіс. Біздің елімізде оқытушыларды зерттеу қызметіне дайындау мәселесі З.А.Исаева мен Ш.Т.Таубаеваның іргелі зерттеулерінде де қарастырылған [7;3]. Ш.Т.Таубаева өз тұжырымдамасында зерттеу мәдениетін жалпы білім беретін мектептің тұтас педагогикалық үдерісіндегі мұғалімнің инновациялық-дидактикалық қызметінің сапасы ретінде негіздеген. Алайда, педагог-зерттеушіні қалыптастыру

бірден жүзеге аспайды, бұл - ұзақ, үздіксіз үдеріс. Сондықтан кәсіптік білім берудің қалыптасқан жүйесі қажет. Ш.Т.Таубаева мұғалімнің зерттеу іс-әрекетінің білім, білік және дағдысын қалыптастырудың бес кезеңін ерекшелейді:

- Бірінші кезеңде мұғалім әдістемелік жұмыстың дәстүрлі түрлерін меңгереді.
- Екінші кезең - мұғалімнің өз қызметін дидактикалық тұрғыдан түсіну кезеңі.
- Үшінші кезеңде мұғалім өзінің зерттеу қызметінің қажеттілігін сезінуі тиіс.
- Төртінші кезең - өз идеяларын жүзеге асыру кезеңі.
- Бесінші кезең - жаңа педагогикалық білімді әзірлеу кезеңі [8; 230].

Осындай кезеңдерден өткен мұғалімнің оқушылары да, мейлінше, зерттеушілік құзыреттіліктері дамыған, қабілетті болмақ. Мектептен толыққанды білім алған оқушы ғана ел тізгінін ұстар азамат болмақ. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты да осы, яғни оқушыны ойлануға үйретуге, қай жаста болмасын алдынан шығатын проблеманы шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйретуге баса назар аударып отыр.

Жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі - дұрыс ұйымдастырылған зерттеу қызметі. Мектептің оқу үдерісінде оны ұйымдастыру және жүзеге асыру - жоғары деңгейдегі зерттеу құзыреттілігіне қол жеткізудің басты шарттарының бірі. Жалпы білім беретін мектептің өзекті мәселесі оқушылардың зерттеушілік құзыреттілік арқылы ғылыми ақпараттарды қалай алуға және өндеуге үйрету болса, жоғары сынып оқушысы сол құзыреттілікті қалай меңгергенін көрсетеді. Егер білім неғұрлым терең, жүйелі, саналы болса, оқушы есінде соғұрлым ұзақ әрі берік сақталады. Сонда ғана жоғары сынып оқушысы зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін дұрыс және толығымен тұжырымдап, теориялық және эмпирикалық зерттеулердің әртүрлі әдістерін қолдана отырып, зерттеу мәселесіне қатысты әдебиеттерді талдай алады. Зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасқан жоғары сынып оқушысы өз қызметінің нәтижелерін рефлексиялық бағалауға қабілетті. Ол үнемі өз ғылыми-зерттеу жұмыстарын өздігінен бақылап отырады, сәтсіздіктердің себептерін өз бетімен жояды. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілік деңгейін арттыру жалпы нәтижелерге де оң әсер етеді. Осылайша, мектептің білім беру үдерісінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Ал Б.Қ. Өтешова оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерінің дамуына психологиялық-педагогикалық аспектілер ықпал ететінін айтады [9;63]. Ғалым өз еңбегінде оқушылардың дүниетанымын дамыту моделін, өлшемдері мен көрсеткіштерін ашып көрсеткен. Демек, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің дамуына олардың дүниетанымдарының қаншалықты тереңдігі де әсер етеді.

Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігі зерттеу қызметі барысында әртүрлі тәсілдермен қалыптасуы мүмкін. Ең тиімді тәсілдердің бірі - мектеп ғылыми қоғамы мен қосымша білім беру жүйесі аясындағы жұмыс екені айқын. Оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жұмыс - бұл оқушылардың, педагогтердің, әкімшіліктің, ата-аналардың күш-жігері шоғырланатын мақсатты, тынымсыз үдеріс. Зерттеу құзыреттерін қалыптастыру динамикасын зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде мониторинг жүргізу арқылы қадағалау қажет. Осыған сәйкес А.В.Воробьева [10;8] зерттеушілік құзыреттілігін төмендегідей жіктейді, ол оқушының зерттеушілік құзыреттілігін үш құрамдас бөлікке бөлуді ұсынады. Олар: білімі, зерттеуге қабілеттілігі мен дағдысы және тәжірибе. Осы топтардың әрқайсысы белгілі бір құзыреттерді қамтиды. Бұл құзыреттер арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің даму үдерісі айқындалады. А.В.Воробьеваның осы үш құрамдас бөлігіне (Кесте 2) «құндылық бағдарды» қоссақ, жоғары сынып оқушыларының өзіндік ұлттық болмысын ерекшелеген болар едік. Г.К.Нұрғалиеваның еңбегінде құндылық бағдарға қатысты бірқатар маңызды ақпараттар берілген. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің даму үдерісін топтастыруда ғалымның еңбегіне сүйендік. Ғалым дағдыларды дамытуға, білім беруге және белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттерді атап көрсетеді [11;8].

Отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай келе, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің даму үдерісін былайша топтастырдық:

Кесте 2.



Осы кестеде біз оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін құрамдас бөліктерін көрсеттік. Американдық психолог Дэвид Макклеланд құзыреттілікті білім, дағды ұғымындағы дәстүрлі сипаттаудан бас тартып, оның орнына белгілі бір іс-әрекет үстінде көрінетін әдеттен тыс нақты өзіндік әрекетке, құндылықтарға, ерекшеліктерге және мотивациялық диспозицияларға көңіл бөлу керектігін ұсынады [12;65]. Яғни, оқушылардың құзыреттілігін арттыруда олардың бойындағы құндылықтарға да мән берілуі тиіс. Тұлға мәдениеті оның жалпыадамзаттық құндылықтарының негізінде көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам өмірінің өзегі - құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңаруы кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі - құндылық бағдар. Құндылықтарды зерттейтін ғылым «аксиология» деп аталады. Аксиология (грек, *axios* - құнды, *logos* - ілім) - құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім [13;26]. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне баға беруден тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлықтау рәсімінде 10 маңызды бағыттың сегізіншісі «Рухани жаңғыру» құндылықтарына қатысты: «Бұл біздің басты рухани бағдарымыз болып қала береді. Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер. Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашады. Қазақстанды болашаққа бастайтын - жастар. Сондықтан бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет», - деген еді [14;1]. Демек, құндылық бағдарды қосу арқылы біз жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін ғана дамытып қоймай, сонымен қатар оларды елімізді сүйетін, өз құндылықтарын бағалайтын азамат ретінде қалыптасуына өз үлесімізді қосамыз.

Осылайша, білім берудің іргелі және академиялық секілді дәстүрлі құндылықтары екінші жоспарға кетеді, ал оқушы алдында тұрған жаңа міндеттерді шешу құралдарын өз бетінше, белсенді іздеу қабілеті басым болады. Негізінде, жоғары сынып оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру бір күнгі жұмыс емес. Ол күнделікті шеберлікті, ізденісті, оқуға деген құлшынысты, ынта-жігерді талап етеді. Жоғары сынып оқушыларының құзыреттілігі жинаған білімін тәжірибемен ұштастыра білгенде ғана байқалады. Құзыреттілікті әрдайым дамытып, үнемі жетілдіріп отыру керек. Жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасуына әлеуметтік орта, қарым-қатынас, білім, қабілет, дағды әсер етеді. Осы қасиеттердің барлығы бір арнаға тоғысқанда ғана жоғары сынып оқушысының зерттеушілік құзыреттілігін белгілі бір дәрежеде қалыптастыруға мүмкіндік туады. Біз қарастырып отырған құзыреттілік ХХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек ететін әрбір азамат бойында болуы тиіс. Болашақта жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда бірқатар тәжірибелік жұмыстар атқарылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 12 сәуір 2017
2. Vincetas LAMANAUSKAS & bDalia AUGIENE. Scientific research activity in comprehensive school: a position of upper secondary school students. A New Approach for Teaching 'Energy' Concept: The Common Knowledge Construction Model, Western Anatolia Journal of Educational Sciences (WAJES), Dokuz Eylul University Institute, Izmir, Turkey, 2011
3. Yanto, Subali & Suyanto I. Improving Students' Scientific Reasoning Skills through the Three Levels of Inquiry. International Journal of Instruction. October 2019. Vol.12, No.4
4. Плотникова Н.И. Общеучебные компетенции в структуре дистанционного курса на английском языке [Текст] / Н.И. Плотникова // Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / под ред. А.В. Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007.
5. Рассказова Ж.В. Исследовательская компетентность школьников: сущность и структура, Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XV междунар. науч.-практ. конф. Часть I. – Новосибирск: СибАК, 2012.
6. Zaily del Pilar García- Gutiérrez e Inmaculada Aznar-Díaz, The Development of Research Competencies, an Alternative to Train Childhood Educators as Teacher-Researchers. Revista Electrónica Educare (Educare Electronic Journal). Vol. 23(1) ENERO-ABRIL, 2019: 1-22, URL: <http://www.una.ac.cr/educare>
7. Байкина Л.Т. Исследовательская компетентность как средство самореализации педагога. <http://lib-5.ru/urok3/urok-206458.php>
8. Таубаева Ш.Т. Жастардың рухани-адамгершілік жаңғыруы тәжірибесі аясында профессор Таубаева Шәркүл Таубайқызының зерттеулерінің ғылыми кеңістігі. Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 416 бет
9. Өтешова Б.Қ. Жоғарғы сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын халық тағлымы материалдары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары [Мәтін] : Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 2004. - 31 б.
10. Куцакова С.Н., Рунькова Н.А. Оценивание исследовательской компетентности школьников. Методическая разработка. 2017
11. Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностно-ориентированной личности: дис. ...док. пед. Наук: 13.00.01 – Алматы, 1994. – 379 с.
12. Raven, J., & Stephenson, J. (Eds.). (2001). Competency in the Learning Society. New York: Peter Lang.
13. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. - 344 б.
14. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10 маңызды бағыты, https://www.inform.kz/kz/prezident-tokaevty-n-10-manyzdy-bagyty_t10866

ПРОЦЕСС РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Г.Т. Алдамбергенова¹, Р.Ж. Шынтаева²

¹ д.п.н., профессор

² магистрант 2-курса специальности 6М012400 «Педагогическое измерение»

^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

aininaz85@mail.ru

В статье рассматривается вопрос о процессе формирования и развития исследовательской компетентности старшеклассников. Исследовательская компетентность в педагогике изучалась с точки зрения различных подходов. Авторы описывают направления формирования исследовательской компетентности старшеклассников. Рассматривается связь понятия «исследовательская компетенция» с понятиями «исследовательские навыки» и «исследовательская деятельность». Приведены примеры развития исследовательской компетентности учащихся.

Ключевые слова: исследовательская компетентность, умение, деятельность, опыт, ценностная ориентация, формирование

THE PROCESS OF DEVELOPMENT OF STUDENTS RESEARCH COMPETENCE

G.T. Aldambergenova¹, R. Zh. Shyntaeva²

¹Dr. Sci. (Pedagogy), Professor

² 2-year master student of specialty 6M012400 «Pedagogical measurements»

^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

aininaz85@mail.ru

The article deals with the process of formation and development of high school students' research competence. Research competence in pedagogy has been studied from the point of view of different approaches. The authors specified the directions of formation of high school students' research competence are defined. The connection of «research competence» with the concepts of «research skills» and «research activity» is considered. Examples of students' research competence development are given.

Key words: research competency, skill, activity, experience, value orientation, formation

Редакцияға 15.11.2019 түсті.